

Аптадағы ауа райы	Уақыт (жер- гілікті)	16/7 БС	17/7 ЖМ	18/7 СН	19/7 ЖК	20/7 ДС	21/7 СС	22/7 СР
Ауаның температурасы, С°	05 с. 17 с.	+19 +27	+17 +28	+18 +23	+18 +24	+15 +24	+16 +23	+15 +25
Жауын - шашын (тәулік ішінде)								
Атмосфералық қысым мм сын. бағ.		722	724	724	722	722	722	729
Желдің бағыты		Б	О-Б	О-Б	С-Б	О-Б	С-Ш	С-Ш
Желдің шапшаңдығы		5	5	3	2	1	2	7

Ескерту: бес және одан артық тәулікке мәліметтердің нақтылығы төмен болып табылады.

Ақпараттық хабарлама

«Ұлттық қор – балаларға»: 62,7 млн АҚШ доллары тұрғын үйге және білім алуға жұмсалды



2026 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша бағдарлама іске қосылған 2024 жылғы 1 ақпаннан бастап нысаналы жинақтарды (НЖ) пайдалануға берілген 333 809 өтініш орындалып, жалпы сомасы 62,71 миллион АҚШ долларына жуық қаражат өтініш берушілердің банктік шоттарына есептеу үшін уәкілетті операторларға аударылды.

Өтініштердің басым бөлігі тұрғын үй жағдайын жақсартуды көздейді: 41,01 млн АҚШ доллары сомасына 216 060 өтініш орындалды. Білім беру ақысын төлеу үшін 21,69 млн АҚШ доллары сомасына 117 749 өтініш орындалды.

НЖ алушы барлық соманы немесе оның бір бөлігін пайдалануға құқылы. Егер қаражаттың бір бөлігі талап етілмесе, қалдық нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) 10 жыл бойы сақталады. Одан кейін пайдаланылмаған қалдық алушының ерікті зейнетақы жарналары есепке алынатын жеке зейнетақы шотына аударылады.

Тұрғын үйді жақсартуға арналған қаражатты пайдаланудың ең танымал қосалқы мақсаты – одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылысы жинақтарындағы салымды толықтыру (40,25 млн АҚШ долларына 211 474 өтініш). Сонымен қатар тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарна ретінде енгізу үшін 1 583 өтініш беріліп, олар бойынша 269,48 мың АҚШ доллары аударылса, азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алуға (түпкілікті есеп айырысу) – 177,79 мың АҚШ долларына 1 081 өтініш орындалды.

Білім беру ақысын төлеу шеңберіндегі ең танымал қосалқы мақсаттар: Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір мезгілде (бүкіл оқу мерзімі

үшін) ақы төлеу (20,36 млн АҚШ долларына 108 782 өтініш орындалды), білім беруге жинақтау салымы туралы шарт бойынша білім беруге жинақтау салымын толықтыру (894,12 мың АҚШ долларына 6 153 өтініш орындалды), шетелдік білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде біржолғы (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеуге (335,33 мың АҚШ долларына 2 175 өтініш орындалды) төлем жасау.

Нысаналы жинақтарды тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алуға ақы төлеу мақсатында төлеу туралы уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісіндегі толық ақпаратпен enpf.kz сайтында танысуға болады.

Естеріңізге сала кетейік, 2025 жылдың қорытындысы бойынша қазақстандық бір балаға 130,71 АҚШ доллары кезекті есептеу жүргізілді. 2024 жылы – 129,38 АҚШ доллары, 2023 жылы – 100,52 АҚШ доллары мөлшерінде қаражат аударылған болатын.

18 жасқа дейінгі балаларға жыл сайын Ұлттық қордан бөлінетін сомалар олардың БЖЗК-да ашылған шоттарында ескерілетін нысаналы талаптар түрінде есептеледі. Бұл ретте, заңнамаға сәйкес, жас қазақстандықтарға есептелген сомалар Ұлттық қор активтерінің құрамында қалады және инвестициялануын жалғастырады. Одан әрі инвестициялау нәтижесінде жыл сайын әрбір баланың нысаналы талаптарының сомасы алынған инвестициялық табыс есебінен қосымша өседі.

Нәтижесінде бағдарламаға қатысатын балада барлық жинақталған нысаналы талаптардың жиынтық сомасы жыл сайын қосымша есептелетін инвестициялық кірісті қоса алғанда):

- үшінші жыл - 370 доллар 56 цент;
- екінші жыл - 263 доллар 93 цент;
- бірінші жыл қатысып отырған баланың шотында 130 доллар 71 цент.

18 жасқа толмаған баланың бағдарламаға қатысуы туралы ақпаратты оның ата-анасы және өзге де заңды өкілдері kids.enpf.kz сайтында баланың ЖСН бойынша, eGov.kz электрондық үкімет порталындағы жеке кабинетте, сондай-ақ eGov Mobile және кейбір

екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшаларында тексере алады.

Егер балаларға 2025 есепті жылы есептелген нысаналы талаптар туралы ақпарат көрсетілмесе, онда мобильді қосымшалардағы құжаттарды төменде көрсетілген жолмен жаңарту қажет:

eGov Mobile қосымшасында: «Цифрлық құжаттар» - «Отбасы» - «Құжаттар тізімін жаңарту» - «Ұлттық қордан есептеулер»; екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшаларында, мысалы Kaspi.kz: «Мемлекеттік қызметтер» - «Барлық құжаттар» - «Құжаттар тізімін жаңарту» - «Ұлттық қордан есептеулер».

Биыл 18 жасқа толған немесе толатын балаларға есептелген нысаналы талаптар туралы мәліметтердің заңды өкілдің жеке кабинетінде көрсетілмеуі нысаналы талаптардың нысаналы жинақтарға (НЖ) айналуына байланысты. Осыған орай, есептелген қаржы туралы ақпаратқа қол жеткізу құқығы тікелей НЖ алушыға, яғни 2026 жылы 18 жасқа толған немесе толатын азаматқа беріледі. Аталған азаматтар НЖ туралы ақпаратты Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры интернет-ресурсындағы немесе электрондық үкімет порталындағы жеке кабинеті арқылы өз бетінше алуы тиіс. Ал 18 жасқа толғаннан кейін НЖ төлемдерін тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу мақсатында алу үшін уәкілетті операторға жүгініп, АҚШ долларымен банктік шот ашып, онлайн-өтініш беруі қажет.

Бүгінгі күні уәкілетті операторлар:

«Отбасы банкі» АҚ (тұрғын үй және білім алу ақысын төлеу), «Халық банкі» АҚ (білім алу ақысын төлеу), «Банк ЦентрКредит» АҚ (білім алу ақысын төлеу).

Нысаналы талаптарға қатысушы көмелетке толмаған балалар және нысаналы жинақтарды көмелетке толған алушылар бойынша, сондай-ақ нысаналы жинақтарды тұрғын үйге және (немесе) білім алуға пайдалану жөніндегі статистикамен enpf.kz сайтында танысуға болады.

kids.enpf.kz сайтында Бағдарламаның шарттарымен танысып, қажетті нұсқаулықтар алып, өзіңізді қызықтыратын сұрақтарыңызға жауап алуға болады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ресурс 2018» ЖШС «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданында орналасқан Баян вольфрам кен орнын ашық тәсілмен игеру жөніндегі операциялардың салдарын жою жоспары және оларды жоюдың бол-жамды құнын есептеу (түзету)» құжатына әзірленген «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар нысанындағы қоғамдық тыңдаулардың өткізілетіні туралы хабарлайды. Қоғамдық талқылаулар 2026 жылғы 24 шілдеден бастап 10 жұмыс күні ішінде өткізіледі.

Тапсырыс беруші: «Ресурс 2018» ЖШС, БСН 180840006518, Астана қаласы, Сауран көшесі, 20-үй, тел.: +7 701 202 33 44, e-mail: tooresurs2018@gmail.com.

Әзірлеуші: «ҚазТехПроект инжиниринг» ЖШС, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Ғұмар Қараш көшесі, 36-үй, тел.: +7 701 888 33 35, e-mail: kaztehproekt@inbox.ru.

Материалдар НБД СОС және ПР сайтында (<https://ndbecology.gov.kz>) орналастырылады және орналастырылған күннен бастап танысуға, сондай-ақ ескертулер мен ұсыныстар енгізуге 10 жұмыс күні бойы қолжетімді болады.

Жергілікті атқарушы орган: «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ, мекенжайы: Петропавл қаласы, Парковая көшесі, 57В, тел.: +7 (7152) 53-36-38, e-mail: a.sapozhnikova@sko.gov.kz.

«ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су шаруашылығы комитеті» РММ «Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау және Шал ақын аудандарындағы «Көкшетау топтық су құбырын реконструкциялау, құрылыстың үшінші кезегі. Төртінші көтеру сорғы станциясынан жетінші көтеру сорғы станциясына дейінгі учаске (бірінші кезең). Түзету» жұмыс жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп жобасы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары:

- 1-нүкте – 53°19'22.9644" с.е., 67°56'23.6117" ш.б.;
- 2-нүкте – 53°19'23.3332" с.е., 67°56'18.2476" ш.б.;
- 3-нүкте – 67°56'18.2476" с.е., 67°33'32.0800" ш.б.;
- 4-нүкте – 53°27'58.2924" с.е., 67°33'27.0302" ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 21 тамызда сағат 15:00-де мына мекенжай бойынша өткізіледі: Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Қаратал ауылдық округі, Қаратал ауылы, Орталық көшесі, 2а, 1-кабат, акт залы.

Қосқол ауылының тұрғындарына қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін көлік ұсынылады. Көлік Қосқол ауылынан 2026 жылғы 21 тамызда сағат 14:00-де шығады.

Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша ашық жиналысты өткізу мерзімі қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Zoom платформасында онлайн режимде қоғамдық тыңдауларға қосылу сілтемесі:

<https://us05web.zoom.us/j/7203753222?pwd=UOeYbPWki3CP6MZfLIVmt9ARD3ZLTl&omn=82725874779>.

Конференция идентификаторы: 720 375 3222.

Кіру коды: 111111.

Бастамашы – «ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су шаруашылығы комитеті» РММ. БСН 910640000040. Тел.: 8 (7172) 74-98-64. Мекенжайы: Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8.

Ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын тапсырыс берушінің интернет-ресурсының немесе электрондық поштасының мекенжайы: s.akhmetzhanova@ecogeo.gov.kz.

Құрастырушы – «НПИ Экология будущего» ЖШС. БСН 221140002919. Мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғылы, 12, Capital бизнес орталығы, 704-кеңсе.

Байланыс деректері: тел.: +7 (7172) 69-66-43, +7 707 661 3609; электрондық пошта: info@npiesco.kz.

Жобалық құжаттама танысу үшін мына интернет-ресурстарда орналастырылған: <https://ndbecology.gov.kz/>, <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat>.

Жоспарланып отырған қызмет, қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ жоспарланып отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін мына электрондық пошта және телефон нөмірлері арқылы алуға болады: info@npiesco.kz, тел.: +7 (7172) 69-66-43, +7 707 661 3609.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпаратқа жұртшылықтың қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты ЖАО – «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.

Мекенжайы: 150008, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Парковая көшесі, 57В. Электрондық пошта: dpr@sko.gov.kz.

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/> порталында немесе dpr@sko.gov.kz электрондық поштасы арқылы қабылданады.

Сенім телефоны

«Лобанов ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде (71533) 46-2-44 сенім телефоны қызмет етеді. Ауылдық округі әкімі аппаратының мемлекеттік қызметкерлері мен лауазымды тұлғалардың тарапынан жіберілген құқық бұзушылықтарды, әдеп кодексінің және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларды бұзу фактілерін хабарлай аласыздар.

Азаматтардың жеке сұрақтары бойынша Лобанов ауылдық округінің әкімі Саят Біржанұлы Қошқарбаев әр аптаның әр әйсенбі, сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін азаматтарды қабылдайды.

Ауылдық округі әкімі аппаратының мемлекеттік қызметкерлері мен лауазымды тұлғалардың тарапынан жіберілген құқық бұзушылықтарды, Әдеп кодексінің және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларды бұзу фактілерін хабарлай аласыздар. «Арықбалық ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 41-141 сенім телефоны қызмет етеді.

«Арықбалық ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әкімі Әшімов Аян Әбуұлы әр аптаның дүйсенбі және бейсенбі күндері сағат 11.00-ден 13.00-ге дейін азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдайды.

Меншік иесі және басып шығарушысы «Айыртау-Информ» ЖШС. Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша басып шығарылады және мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуде ресми басылым болып табылады.	«Айыртау-Информ» ЖШС директоры Ирина БУРКОВСКАЯ Редактор Құрметбек БЕЙСЕН Редакцияның адресі: Солтүстік Қазақстан облысы, Саумалкөл ауылы, Конституция көшесі, 72. Телефон 21-4-85, эл. пошта: aiyrtau_tany@inbox.ru	Басушы-теруші Елена НЕСВЕТЕЕВА Оператор-дизайнер Ярослав ГЛИНКИН	Индексі 65845. Таралымы 430 тапсырыс № 331 Қазақстан Республикасының Мәдениет, Ақпарат және қоғамдық келісім Министрілігінде 30.05. 2008 жылы есепке қойылған. Есепке қою № 9246-Г. Газет бейсенбі күні шығады.	Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді, жарияланбаған материалға жауап берілмейді.
Газет Петропавл қ., Мүсірепов көшесі 34 В үйдегі «Газетный двор» ЖШС баспасында басылған.				

«Айыртау таңы» газетінің электронды түрі интернетте мына мекенжай бойынша орналасқан: <http://az.ivist.kz>